

770610401991


АБДРАИМОВА Күлзина Мамытбековна,
А.С.Пушкин атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.
Шымкент қаласы

МЕНИҢ АТАТЕГІМ


Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.1.1. Отбасылық мұрағаттық материалдары негізінде отбасы мүшелерінің тізімін құрастыру.
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасай алады. Көптеген оқушылар: өз жеті атасын, ататегін айтады. Кейбір оқушылар: жеті ата туралы мақалды түсіндіреді, қорытынды жасайды.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы 2 минут	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру: «Ізгі тілек» әдісі. Жаңа тақырыпты ашу. «Мюссемберг» әдісі. Көп әріптер арасынан сөзді тауып, тақырыпты аш.	Жақсы тілек айтады. Сөзді тауып, тақырыпты ашады. (Менің ататегім)		Мұғалім үшін: компьютер, экран, мультимедиялық проектор, дыбыстық колонкалар, электронды қосымша, кестелер мен мазмұнды суреттер.
3 минут	Көп әріптер арасынан сөзді тауып, тақырыпты аш. Приваншлрменінрвапгалроодшлататегімжда ггнаспаоп шкзылр Оқу материалын жариялау: «Миға шабуыл» әдісі. Қандай сөз құрадың? Ататек дегенді қалай түсінесің? Өзіңнің ататегің туралы не айта аласың? Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай болады?	Оқушылар сабақтың тақырыбымен, мақсатымен танысады.		Оқушы үшін: оқулық, оқушы дәптері (№1). Қағаз
Ортасы 20 минут	(ҰЖ) 1-тапсырма «Түйінді сәттер» әдісі арқылы жүзеге асады. Оқулықпен жұмыс. Мәтінді түсініп оқы. Әңгімелесу. Суретте берілген балалардың атасы жағынан таратқан ататегін айтып беру.	Оқушы мәтінді түсініп оқиды. Суретте берілген балалардың ата-анасы жағынан ататегін айтып береді. Дескриптор: – Мәтінді түсініп оқиды.		Суреттер, СД дискі Оқулық

<p>15 минут</p>	<p>Саралау тәсілі: «Қарқын» әдісі арқылы жүзеге асады. Қарқыны жоғары оқушыға: Мақалды оқып мағынасын түсіндір: «Жеті атасын білмеген жетесіз». Қарқыны баяу оқушыларға: уақыт беріледі.</p> <p>Сергіту сәті Біз бір үйде нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым – атам, Балаң үйрек – апам. Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам. Кішкентай бөбек – мен. Біз бір үйде нешеуіміз? Біз бұл үйде бесеуіміз.</p> <p>(Д) 2-тапсырма «Еркін әңгіме» әдісі арқылы жүзеге асады. Өз жеті атаңды біліп, бәйтерек ағашына орналастыр. Ата- анасымен бірге орындаса болады. Жұптық жұмыс Отбасың жайлы достарыңа әңгімелеп бер. Анықтамалық тапсырма. Суреттер сенің ата-анаң, ата-әжеңнің өмірі туралы баяндай алады. Отбасы альбомын сен де толықтыр. Көне суреттерді сақтауға тырыс. Бір отбасындағы туыстар бір-біріне бет-әлпеті жағынан ұқсайды. Мысалы: шашының түсі, көзі мен аузы, мұрны мен иегінің пішіні ұқсас болады. Альбомда отбасы мүшелерінің суреттері бар. Онда ата- әжелерің өз балаларын қалай тәрбиелегенін еске түсіреді. Отбасы альбомын сен де толықтыр. Көне суреттерді сақтауға тырыс.</p> <p>Білгенге маржан Отбасылық мұрағат – әр отбасының ата-бабадан келе жатқан суреттері мен жазбаларының арнайы</p>	<p>Атасы жағынан таратқан ататегін айтып береді.</p> <p>Мақалды оқып, мағынасын түсіндіреді.</p> <p>СД дискі тапсырмаларын орындау</p> <p>Мұғаліммен бірге орындайды.</p> <p>Оқушы жеті атасын жазады. Өз отбасы туралы әңгімелейді. Дескриптор: Жеті атасын жазады. Отбасы туралы әңгімелейді.</p> <p>Жұптық жұмысты парталасымен бірге отырып орындайды. Өз отбасы туралы жазады.</p>		<p>Суреттер</p>
-----------------	--	---	---	-----------------

	<p>сақталуы. Отбасылық мұрағатты әр отбасы бағалап, көзінің қарашығындай сақтайды. Оған фотосуреттер, естеліктер мен күнделіктер жатады. Портрет – бұл адамның суреті немесе оның жалпы сырт бейнесі мен мінезінің сипаты. Ауызша портрет – адамды тек сөзбен мінез құлқын сипаттау. ӨЖ Орындап көр. Ауызша әңгіме құрып көрейік. «Менің атам» Дәптермен жұмыс А. «Ата-ана», «ататек» сөздеріне мағынасы жақын сөздерді жаз. Оларды қалай атайды? В. Ата-анаңның көмегімен бәйтерек ағашын сыз. С. Сенің жақсы істеріңмен мақтанатын бауыр, қарындасың бар ма? Сол туралы шағын әңгіме жаз.</p>	<p>Өз отбасының мұрағаты жайлы біледі.</p> <p>Жұмыс дәптеріндегі тапсырманы орындайды.</p>		<p>Суреттер</p> <p>Жұмыс дәптері</p>
--	---	--	--	--------------------------------------

<p>Соңы 5 минут</p>	<p>Кері байланыс: «Сәттілік сызғышы»</p> 	<p>Оқушылар өз жұмыстарын сәттілік сызғышы арқылы бағалайды.</p>		<p>Суреттер, «сәттілік сызғышы» смайликтер</p>
-------------------------	--	--	--	--